

## "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын өткізу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 22 қарашадағы № 1392 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2006 жылғы 4 қаңтарда № 5-9-20 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 389 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 26.08.2024 № 389 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы № 149 қаулысын орындау үшін және Глубокое ауданында кәсіпкерлік бастамасын және іскерлік белсенділікті ынталандыру мақсатында, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағы 4) - тармақшасының негізінде Глубокое аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Глубокое ауданы бойынша жыл сайын "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын өткізу белгіленсін.

2. Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын өткізу және жеңімпаздарын анықтау жөніндегі қоса беріліп отырған жұмыс тобының құрамы бекітілсін.

3. Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын өткізу туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары В.В.Лаптевке жүктелсін.

*Глубокое ауданының әкімі*

*С.Плотников*

**Келісілді:**

*ШҚО Глубокое ауданы бойынша  
мемлекеттік санитарлық –эпидемиологиялық  
қадағалау Департаменті басқармасының бастығы  
Аудандық статистика бөлімінің бастығы  
Глубокое ауданы бойынша  
салық комитетінің төрағасы*

*К.Баймухамбетов Т.Жиенбаева. Сейл  
ханов*

## **Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын өткізу және жеңімпаздарын анықтау жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

Лаптев Владимир Васильевич	- Глубокое ауданы әкімінің орынбасары, топ басшысы
Ластаева Раушан Мамашевна	- Глубокое ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы, топ басшысының орынбасары
Мельников Петр Геннадьевич	- Глубокое ауданының ауыл шаруашылық және жер қатынастары бөлімінің басшысы
Сейлханов Адилбек Жылкыбакович	- Глубокое ауданы бойынша салық комитетінің төрағаеы (келісім бойынша)
Козлова Евгения Геннадьевна	- Глубокое ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы
Баймухамбетов Кайрат Кажыманович	- Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау Департаменті басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Жиенбаев Турысбек Садуакасович	- аудандық статистика бөлімінің бастығы

*Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы*

*Р.Ластаева*

Глубокое аудандық  
әкімдігінің 2005 жылғы  
"22" қараша № 1392  
қаулысымен бекітілді

## **Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын өткізу туралы Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын өткізу туралы осы Ереже ( бұдан әрі-Ереже) Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлері" конкурсын дайындаудың, хабарлаудың және өткізудің тәртібін белгілейді (бұдан әрі-Конкурс).

2. Конкурстың мақсаты Глубокое ауданы кәсіпкерлерінің қызметін ынталандыру және олардың арасынан таңдаулыларын анықтау болып табылады.

3. Конкурс сегіз номинация бойынша өткізіледі (Ережеге №1 қосымша).

### **2. Конкурсқа қатысудың шарты**

4. Конкурса қатысуға (жарғылық капиталында мемлекет қатыспайтын) шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері жіберіледі.

5. Конкурса қатысу үшін көрсетілген жеке және заңды тұлғалар тапсырыс-сураунама (Ережеге № 2 қосымша) (будан әрі-тапсырыс) және Ережеге № 3 қосымшаға сәйкес тапсырыстағы барлық ақпараттың шек келтірмейтінін растайтын қосымша құжаттар ұсынулары қажет.

6. Талап етілетін құжаттардың толық емес жиынтығын ұсынған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тапсырыстары Конкурса қарауға қабылданбайды.

7. Конкурстық материалдардағы бар ақпараттар купия сипатта болады және Конкурстың қорытындысын шығарған кезде қызметті бағалаудан басқаға пайдалануға мүмкін болмайды.

### **3. Конкурсты өткізудің тәртібі**

8. Конкурсты өткізу жөніндегі жалпы ұйымдастыру және үйлестіру мәселелерін Конкурсты өткізу және жеңімпаздарды анықтау жөніндегі жұмыс тобы жүзеге асырады (Бұдан әрі Жұмыс тобы),

9. Жұмыс тобы Конкурсты өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

10. Конкурса қатысу туралы қажетті құжаттармен тапсырысты конкурсанттар тиісті жылдың 1 қарашасына дейін тапсырады.

11. Жұмыс тобы ұсынылған тапсырыстарды қарайды және 15 қарашаға дейін Конкурстың әрбір номинациясында жеңімпазды және екі лауреатты анықтайды.

12. Конкурса ұсынылған материалдарды талдау және қорыту әрбір номинация бойынша нақтыланған жалпы және арнайы өлшемдер бойынша жүргізіледі (Ережеге № 4 қосымша). Әрбір өлшемге 1-ден 10 - ға дейін балл беріледі. Конкурсанттарды бағалау балдардың қосындысымен анықталады.

13. Конкурса қатысушы бір ғана номинацияда жеңімпаз бола алады.

### **4. Жұмыс тобы жұмысының тәртібі**

14. Жұмыс тобын аудан әкімінің орынбасары басқарады.

15. Жұмыс тобы кемінде 7 адамнан құрылады.

16. Жұмыс тобының отырысы мүшелерінің 2/3 құрамы қатысса, құқылы деп саналады. Жұмыс тобының шешімі ашық дауыспен отырысқа қатысқан мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс сандары тең болған жағдайда, Жұмыс тобы басшысының дауыс берген шешімі қабылданды деп саналады.

17. Конкурстың қорытындысы Жұмыс тобы отырысының хаттамасымен ресімделеді,

## 5. Қорытынды ереже

18. Конкурсқа қатысушылар тапсырыс бланктерімен "Глубокое ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" Мемлекеттік Мекемесінде қамтамасыз етіледі.

19. Конкурстың әрбір номинациясының жеңімпазы аудан әкімінің қолы қойылған мақтау қағаздарымен марапатталады.

20. Конкурстың қорытындысы туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

*Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы*

*Р.Ластаева*

"Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлерлері" конкурсын өткізу туралы Ережеге № 1 қосымша

## Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлерлері" конкурсы номинацияларының тізбесі

1. Өндіріс саласындағы таңдаулы кәсіпкер
2. Құрылыс саласындағы таңдаулы кәсіпкер
3. Таңдаулы фермер-кәсіпкер
4. Таңдаулы кәсіпкер әйел
5. Шағын бизнес саласындағы таңдаулы инновациялық жоба
6. Шағын бизнес кәсіпорындарында ең жоғарғы орта айлық еңбекақы
7. Ең көп жаңа жұмыс орнындарын құрған кәсіпкер
8. Сауда және қоғамдық тамақтану саласындағы жылдық ең таңдаулы кәсіпкер

"Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлерлері" конкурсын өткізу туралы Ережеге 1392 №2 қосымша

## Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлерлері" конкурсына \_\_\_\_\_ номинацияда қатысуға тапсырыс-сауалнама

Аты, әкесінің аты, тегі, туған жылы, білімі: \_\_\_\_\_

2. Сіздің фирмаңыздың атауы: \_\_\_\_\_

3. Тіркелуі туралы мәлімет: \_\_\_\_\_

4. Орналасқан орыны (мекен жайы, телефоны, факс, электрондық пошта): \_\_\_\_\_

5. Негізгі қызметінің түрі (құрылтайшы құжаттарына сәйкес): \_\_\_\_\_

6. Лицензияның қолда бар болуы (қажет болған жағдайда): \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ берілген күні

7. Сіздің фирмаңыз қай уақыттан бастап нақты жұмыс істеуде: \_\_\_\_\_

8. Кәсіпкерліктегі Сіздің жалпы жұмыс өтіліміңіз: \_\_\_\_\_

9. Сіздің қызметіңізде инновация енгізу туралы мәлімет: \_\_\_\_\_

10. Сіздің өндіретін өнімдеріңіздің, жұмыстарыңыздың, қызметтеріңіздің сапасы (келетін нұсқаны белгілеңіз);

1) әлемдік стандарт;

2) жоғары;

3) орта;

4) қанағаттанарлық;

5) басқадай.

11. Сіздің фирмаңызда жұмыс істейтіндердің санын жылдар бойынша көрсетіңіз (ақырғы үш жыл): \_\_\_\_\_

12. Сіз басқа кәсіпкерлерге оң тәжірибені қалай бересіз: \_\_\_\_\_

13. Сіздің қызметіңіздің келешекте даму жоспарын қысқаша бағалаңыз: \_\_\_\_\_

14. Сіз кәсіпкерлердің қандай қоғамдық ұйымында тұрасыз: \_\_\_\_\_

Жоғарыда көрсетілген ақпаратты толығымен растаймын

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

(қолы)

МО

"Шағын бизнес саласындағы жылдың  
тандаулы кәсіпкерлері"  
конкурсын өткізу туралы  
Ережеге №3 қосымша

## **Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлерлері" конкурсына қатысушылардың ұсынатын құжаттарының тізбесі**

1. Заңды (жеке) тулғаның нотариалдық расталған құрылтайлық құжаттарының көшірмесі (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, Жарғы (Ереже), статистикалық карта, салық төлеушінің куәлігі).

2. Тапсырыста көрсетілген мәліметтерді растайтын қажетті құжаттардың, сертификаттардың, лицензиялардың көшірмелері.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметі туралы кеңейтілген ақпарат (кәсіпорынның құрылу тарихы, өндірілетін өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) түрлері, болашағы, инновациялық бағыты (жаңа технологияларды енгізу), өндірілетін өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) сапасы, жұмыспен қамтылғандар санының, шығарылған өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) соңғы үш жылдағы) даму үрдісі, салықтық төлемдері, бір қызметкердің орта айлық еңбек ақысы, құрылған жұмыс орындары, көрмелерге қатысуы (наградалары), өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысуы, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарында мүшелігі және т.б.).

"Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлерлері" конкурсын өткізу туралы Ережеге № 4 қосымша

## **Глубокое ауданы бойынша "Шағын бизнес саласындағы жылдың таңдаулы кәсіпкерлерлері" конкурсының жеңімпаздарын анықтау үшін өлшемдер тізбесі**

1. Жалпы өлшемдер
  - 1) кәсіпкерлік қызметтің жалпы мерзімі және түрі;
  - 2) инновацияны енгізу;
  - 3) өндірілетін өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) сапасы, халықаралық сапа сертификатының қолда бар болуы;
  - 4) өңірдің әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысуы.
- II. Номинациялар бойынша арнайы өлшемдер:
  1. Өндіріс саласындағы таңдаулы кәсіпкер
    - 1) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі
    - 2) шығарылатын өнімдер көлемінің даму үрдісі;
    - 3) қорларды пайдаланудың тиімділігі, өнімдердің өзіндік құны;
    - 4) аудандық шараларға қатысу.
  2. Құрылыс саласындағы таңдаулы кәсіпкер:
    - 1) жаңа дизайн;
    - 2) жаңа технологияларды пайдалану;
    - 3) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі

- 4) аудандық шараларға қатысу.
3. Таңдаулы кәсіпкер-фермер:
  - 1) фермер ретіндегі жұмыс өтілімі;
  - 2) ауылды әлеуметтік жайластыруға қатысу;
  - 3) қорларды пайдаланудың тиімділігі, өнімдердің өзендік құны;
  - 4) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі
4. Таңдаулы кәсіпкер әйел:
  - 1) басшы ретіндегі кәсіпкерлікте жұмыс өтілімі;
  - 2) шығарылатын өнімдер көлемінің даму үрдісі:
    - 3) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі, оның ішінде әйелдер;
  - 4) аудандық шараларға қатысу.
5. Таңдаулы инновациялық жоба:
  - 1) өңір үшін инновациялық жобаның жаңалығы;
  - 2) жобаның өтемділігі және өтімділігі;
  - 3) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі.
6. Шағын бизнес кәсіпорындарында ен жоғаоы орта айлық енбек ақы:
  - 1) бір қызметкердің енбек ақысының өсуінің даму үрдісі;
  - 2) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі;
  - 3) шығарылатын өнімдер көлемінің даму үрдісі;
  - 4) салық төлемдерін аударудың даму үрдісі.
7. Ен көп жана жұмыс орындарын құрған кәсіпкер:
  - 1) жаңа жұмыс орындарын құрудың даму үрдісі;
  - 2) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі;
  - 3) шығарылатын өнімдер көлемінің даму үрдісі;
  - 4) салық төлемдерін аударудың даму үрдісі.
8. Сауда және қоғамдық тамақтану саласындағы жылдық ен таңдаулы кәсіпкер
  - 1) іске асырылу көлемінің даму үрдісі;
  - 2) жұмыспен қамтылғандар санының өсуінің даму үрдісі;
  - 3) жұмысшылар еңбекақысының даму үрдісі;
  - 4) аудандық шараларға қатысу.